

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА  
PUBLISHED SINCE 1944

4

---

---

АЛМАТЫ  
АЛМАТЫ  
ALMATY

2016

ШІЛДЕ  
ИЮЛЬ  
JULY

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

**М. Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы :

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і :

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабаджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

**М. Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохозяйств. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохозяйств. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Моход Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

**M. Zh. Zhurinov**,  
academician of NAS RK

Editorial board:

**N.A. Aitkhozhina**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

**E.P. Velikhov**, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

ISSN 1991-3494

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

## LEARNING PROBLEMS EFFICIENCY OF ENTERPRISES IN THE PETROLEUM SECTOR

S. M. Egemberdieva, N. D. Esmagulova, A. K. Kadyrbergenova

Eurasian National University named after L. N. Gumilev, Astana, Kazakhstan.

E-mail: aksanat@mail.ru

**Keywords:** the oil and gas sector, performance indicators, SWOT analysis, model of increasing the economic efficiency.

**Abstract. Purpose** – based on the analysis of the activities of the oil and gas industry of Kazakhstan proposed the model of effective functioning of the enterprises of the oil and gas industry.

**Methodology** – analyzed statistical data of Kazakhstan, data of the oil and gas industry, a review of the literature.

**Findings** – considered a model for the effective functioning of the enterprises of the oil and gas industry and directions of innovative activities. The most important directions of forming of effective mechanism of stimulation of economic growth – ensuring a high level of investment activity, regulation of financial activities, the formation of the securities market, preparation of short and medium-term forecasts.

ӘОЖ 338.45:655.6

## МҰНАЙГАЗ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ТИІМДІ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С. М. Егембердиева, Н. Д. Есмагулова, А. К. Кадырбергенава

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

**Түйін сөздер:** мұнай-газ секторы, қызметінің тиімділік көрсеткіштері, экономикалық тиімділік.

**Аннотация. Жұмыстың мақсаты** – Қазақстанның ұлттық мұнай-газ секторына жүргізілген талдау негізінде мұнайгаз кәсіпорындарының тиімді қызмет ету мәселелерін ашу.

**Әдіснама** – мұнай-газ саладағы әдебиеттерге шолу, Қазақстанның статистикалық мәліметтері, мұнайгаз кәсіпорындарының деректері талданды

**Қорытындылар** – мұнайгаз кәсіпорындарының қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру және инновациялық қызметтерінің бағыттары қарастырылған. Экономикалық өсімді ынталандырудың тиімді тетігін қалыптастырудың маңызды бағыттары – жоғары деңгейдегі инвестициялық белсенділікті қамтамасыз ету, қаржылық қызметті реттеу, бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру, қысқа және орта мерзімді болжамдар жасауды талап етеді.

**Кіріспе.** Қазақстан экономикасының алдында Еуразиялық экономикалық одақтың 2015 жылдан бастап қызмет ету мен жақын болашақтағы Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі жағдайында бәсекеге қабілеттілігін сақтап қалу міндеті өзекті болып саналады. Осы арада отандық өндірушілер мен компаниялар технология мен инновациялық әлеуетке баса назар аударуы қажет. Кәзіргі жағдайда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның халықаралық еңбек бөлінісі мен жаһандық халық шаруашылығында әлемдік нарық сұранысына сай тауар өндіре және қызмет көрсете отырып қатысуымен сипатталады.

Қазақстан үшін әлемдік шаруашылыққа шикізаттық ел ретінде емес, технологиялық деңгейі жоғары, күшті қаржы институттарымен дамыған инфрақұрылымы мен ақпараттық секторы бар экономикалық дамыған ел ретінде қатысуы маңызды стратегиялық міндет болып табылады.

Өндіріс тиімділігін арттырудың объективтік қажеттілігі кеңейтілген ұдайы өндіріс процессінің экономикалық мүддемен тікелей байланыстылығында. Дамудың қозғаушы басым күштерінің бірі болып саналатын экономикалық мүдделер өндіріс тиімділігінің артуына ынталандырудың ғылыми негізделген жүйесін ұтымды қолдану арқылы әсер етеді. Сонымен қатар, экономикалық мүдделер, ынталандыруды қоғамның заңдылықтарымен байланыстырып тұратын орталық буын болып табылады.

*Негізгі бөлім.* Кәсіпорынның экономикалық тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды орындау қажет:

- қажеттіліктерді жоғары деңгейде қанағаттандыру;
- кәсіпорынның бәсекеге қабілетті өнімінің сапасын өндірістің тиімділігі арқылы көрсетілуі;
- табыс алып келетін дәстүрлі технологияны қолдана отырып, ресурстардың бір бөлігін жаңа технологияларды енгізуге бағыттау, техникалық мүмкіндіктерді әртараптандыру;
- жаңа өзгерістерге дайын болу, оларға тез қарқынмен бейімделе білу. Кәсіпорынның өзі жаңа идеяларды шығара білу, новатор болуы.

Бәсекеге қабілеттіліктің басты түйіні экономиканы жаңғырту және әртараптандыру. Қолда бар саланы жаңғырту жолымен тиімділікке қол жеткізу. Ондағы мақсат еңбек өнімділігі мен өзіндік құнды арттыру. Негізгі күш импорт алмастыру мен экспорттың күшеюіне әкелетін секторларға жұмылдырады. Жаңа жоғары технологиялы жұмыс орындарын құру экономиканы әртараптандыруға алып келетіндігі айқын.

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың негізгі бағыттары, яғни өндірістің ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін қалыптастыру, тиімді басқару жүйесін құру арқылы өнеркәсіп саласының бәсекеге қабілеттілігін жүзеге асыру бәсекеге қабілетті өнеркәсіп салаларын құру факторларына негізделеді. Саланың бәсекеге қабілеттілігінің факторлар тобы экономикалық артықшылыққа қол жеткізеді, сонымен қатар нарықтың барлық қатысушыларының әлеуметтік қанағаттануына әкеледі [1, 2].


Өндеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа бағдарланған тауарлар, жұмыстар және қызметтер өндірісі мемлекеттік индустриалдық-инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады.

Қазіргі таңда көптеген кәсіпорындардың стратегияларына өзгерістер енгізіліп жатыр. Олар жаппай өндіріс стратегиясынан бас тартып инновациялық стратегияға бағытталды. Жаңалықтар кәсіпорындарға шаруашылықтың дұрыс жұмыс істеуін, тиімділікпен бәсекелестік қабілетінің жоғары болуын қамтамасыз етеді. Бәсекелестік позициялармен өндіріс тиімділігі және инновациялық әлеует арасында тығыз байланыс бар. Кәсіпорынның экономикалық тиімділігін арттыруға өнімнің сапасы, шығындарды тиімді пайдалану саясаты, жаңа бәсекеге қабілетті жобаларды жарыққа шығару және тиімді бизнес-жобаларды тандай білу әсер етеді. Осындай мақсаттар мен міндеттер мұнайгаз секторы кәсіпорындары алдында да басты орында тұрған мәселе.

Қазақстанның ұлттық мұнай-газ секторы ЖІӨ-дегі үлесі айтарлықтай жоғары деңгейде. Сектордың басты міндеті – бәсекеге қабілетті өнім өндірісінің жоғары қарқынды өсуін қамтамасыз ету. Бұл үшін заманауи құрылғылар мен тиімді технологияларды пайдалану қажет. Шикізат көздерінің дәстүрлі емес түрлерін пайдалы өндеу, қолданыстағы құрылғыларды техникалық және технологиялық жаңғырту, жаңа өнім түрлерін өндіретін кәсіпорындар салумен тығыз байланысты. Мұндай жағдайда, қолданыстағы мұнай-газ секторы тиімділігінің өсуі тек ғылым мен өндірістің бірігуі арқылы, ғылыми жетістіктерді кең қолданумен, жаңа технологиялар мен техниканы жедел қолданысқа енгізу арқылы ғана жүзеге аспақ. Инновациялық және инвестициялық қызметтің жандануы «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның дамуын шектеп отырған факторлардың зиянды әсерін әлсіретіп, өндірістік әлеуеттің түбегейлі жаңаруын қамтамасыз етеді, барлық ресурстар шығынын азайтып, қоршаған ортаны қорғау шарттарын мүлтіксіз орындауға өнімнің дәстүрлі және жаңа түрлерін шығаруға ықпалын тигізеді. Инновациялық үрдістің бұлайша қалыптасуы үшін дайындығы жетік, жоғары білікті мамандар қажет.

Өйткені жаңа технологиялық жетістіктер, ресурс үнемдейтін технологиялар, еңбек өнімінің жоғары сапасы, барған сайын, адамның шығармашылық қабілетіне тәуелді болып барады. Олардың деңгейі қаншалық жоғары болса, өндіріс нәтижелері соншалық маңызды. Әлемнің жетекші мемлекеттерінде зияткерлік әлеует экономикалық өсімнің іргелі көзіне айналған. Демек, экономиканың тиімді дамуын ынталандырудың экономикалық механизмі ғылымға, жаңа технологияға, жаңа білімге, адами капиталын нәтижелі қолдануға негізделуі қажет [3, 4].

«ҚазМұнай Газ» АҚ-ның еліміздің мұнай-газ секторындағы үлесі төмендегі 1-суретте көрсетілген.



Ескертпе. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компания Акционерлік Қоғамының мәліметтері бойынша құрастырылды [5].

1-сурет – 2014 жылға «ҚазМұнай Газ» АҚ-ың мұнай-газ секторындағы үлесі, %

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлесі республика бойынша мұнай өндіруден 30 % құрайды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының газ конденсаты мен мұнай өндірудің 2014 жылғы жинақталған мөлшері 22,6 млн тоннаны құрады. «ҚазМұнайГаздың» 2014 жылғы дәлелденген көмірсу қорлары құрайды: мұнай – 776, млн тонна, табиғи газ – 475,5 млрд текше метр (1-кесте).

Жоғарыдағы кестеде көріп отырғанымыздай сұйық көміртектердің дәлелденген әрі шығарылатын қорлары (мұнай және конденсат) 2012 жылы 815,4 млн тонна, 2013 жылы бұл көрсеткіш 822,7 млн тоннаны құраса, 2014 жылы 853,5 млн тоннаны құрады. Яғни, 2013–2014 жылдарын салыстырмалы түрде қарастырсақ 2014 жылы 30,8 млн тоннаға дейін өсімді байқауға болады.

Ал, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның мұнай өндіру көлемі 2012 жылы 19,3 млн тоннаны, 2013 жылы бұл көрсеткіш 21,4 млн тоннаны құраса, 2014 жылы 22,5 млн тоннаға дейін өскендігін байқауға болады.

Қазақстан Республикасындағы мұнайдың және газ конденсатының дәлелденген қоры 5,3 млрд тоннаны құрайды, бұл әлемдегі онінші позиция. Ондаған барлау келісімшарттарының бар болуы бұл көлемнің өсуіне үміт әкеледі. Бірақ өндірудің көбеюіне қолда бар қор арқылы да болжам жасауға болады. 2013 жылы мұнайды және газ конденсатын өндіру 2012 жылы 79,2 млн тоннаны немесе 98,9 % құрады.

Қазақстан үшін басты басымдық – бұл ішкі нарықты қанағаттандыру. Экономикалық өсімнің негізгі қуаты болып ішкі тұтыну және алдыңғы қатарлы технологиялар импортының дамуында өспелі капиталдық салым мен бәсекеге қабілетті өнімдер өндіру саналады. Соңғысы еңбек өнімділігін жоғарлатуға және өңдеу саласында ауыр индустрия, химиялық және мұнайхимиясы өнеркәсібі т.б. дамытуды қамтамасыз етеді.

Өндіру көлемі жеткілікті болғандықтан, мұнайдың басым бөлігін экспорттауға мүмкіндік бар. 2013 жылдың қорытындысы бойынша шикі мұнайдың 14,2 млн тоннасы қайта өңделді немесе өткен жылғы деңгеймен салыстырғанда – 103,6%. Қайта өңделген мұнайдың үш мұнай зауытында өңделгені: бензин – 2879,2 мың тонна; дизель отыны – 4225,8 мың тонна; мазут – 3911,3 мың тонна; авиакеросин – 421,1 мың тонна [5, 6].

Мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес мұнай өңдеу зауыттарын қайта жаңарту және жаңғырту бойынша жұмыстар жалғасуда.

1-кесте – 2012–2014 жж. «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ қызметінің тиімділік көрсеткіштері

№	Атауы	Өлш. бір.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2014/2013,+/-
1	Сұйық көміртектердің дәлелденген әрі шығарылатын қорлары (мұнай және конденсат)	млн т	815,4	822,7	853,5	30,8
2	Мұнай өндіру көлемі	млн т	19,3	21,4	22,5	1,1
3	Қазақстан Республикасы МӨЗ-дерінің теңгерілген өңдеу көлемінің «ҚазМұнайГазға» ҰК АҚ тиесілі үлесі	млн т	10,5	11,8	12,7	0,9
4	Мұнай өңдеу тереңдігі:	%				
5	АМӨЗ		53,7	57,6	59,3	1,7
6	ПКОП		73	76	78,1	2,1
7	ПМХЗ		68	72	76	4
8	Құбыржол көлігімен мұнай тасымалдау көлемі	млн т	63,3	65,8	67,6	1,8
9	Теңіз – сауда көлігімен мұнай тасымалдау көлемі	млн т	9,6	11,4	13,4	2
10	Газ тасымалдау көлемі	млрд м <sup>3</sup>	101,4	109,2	112,7	3,5
11	Газды ішкі тасымалдау көлемі	млрд м <sup>3</sup>	10	10	13	3
12	Жолдық битумды өндіру көлемі	мың т	179	186	189	3
13	ROACE	%	10,1	10,1	13,5	3,4
14	ЕБИТDA margin	%	17,4	17,4	19,1	1,7
15	Тауарларды сатып алудың жалпы көлеміндегі жергілікті қамтудың көлемі (ҚМГ ДҚ 13.12.2011 жылғы № 8/2011)	%	38,4	40	43	3
16	Көрсетілген қызметтер мен тауарлардағы жергілікті қамтудың көлемі	%	61	62	63	1
17	Корпоративтік басқару рейтингі	%	63,7	65,9	67	1,1
18	Еңбек өнімділігі, шоғырланған	мың тт/адам	34 048	35 097	36 764	1667
19	Еңбек өнімділігі, мұнай өңдеу	т/адам	500	501	503	2
20	Еңбек өнімділігі, құбыржолымен мұнай тасымалдау	т/адам	6 731	6 890	675	785
21	Еңбек өнімділігі, танкерлік флот	т/адам	30 201	30 600	31 497	897
22	Еңбек өнімділігі, газ тасымалдау	мың м <sup>3</sup> /адам	15 137	16 590	17 654	1064
23	Еңбек өнімділігі, мұнайды қайта өңдеу	т/адам	1 873	1 960	1 980	20
<i>Ескертпе.</i> «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компания Акционерлік Қоғамының мәліметтері бойынша [5].						

2011–2012 жж. қорытындылары бойынша ҚМГ әлемнің 50 ең ірі мұнайгаз компанияларының санатына кірді (Energy Intelligence Top 100: Corporate Comparison Analytics рейтингіне сәйкес). 2012 жылдың бас кезіндегі жағдай бойынша дәлелденген, өндірілген мұнай қорлары бойынша ҚМГ 25–27 орынға ие, 2011 жылдың қорытындылары бойынша мұнай өндіру көлемі бойынша 35–39 орынға ие, 2011 жылдың қорытындылары бойынша мұнай өңдеу көлемі бойынша 40–42 орынға ие, газ қорларының көлемінің және газ өндіру көлемінің көрсеткіштері бойынша 70-ші орыннан төмен. ROACE, ЕБИТDA margin және еңбек өнімділігі көрсеткішін қоса алғанда, экономикалық тиімділіктің көрсеткіштері бойынша ҚМГ басқа тік интеграцияланған компаниялардың тиісті мәндері диапазонының шектерінде тұрғандығын нақты түрде төмендегі кестеден байқауға болады (2-кесте).

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның ROACE көрсеткіші 12,67%-ды құрап отыр яғни, ол бәсекелестермен салыстырғанда TNK-BP, Газпромнефть, Sinorec компанияларынан кейін төртінші орынды иеленуде [5, 7].

Ал, ЕБИТDA margin көрсеткіші 16,2%-ды құрап, бәсекелестермен салыстырғанда үшінші орынды иеленіп отыр. Сондай – ақ, еңбек өнімділігі, адам басына 31,53 млн теңгені құрайды және мұнай өндіру бойынша еңбек өнімділігі, адам басына 558 тоннаны құрап отыр. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Қазақстанның мұнай-газ секторында көшбасшылық қызметін жалғастыруда.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның қызметіне жасалған SWOT-сараптама төмендегі кестеде берілген (3-кесте).



2-кесте – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның экономикалық тиімділік көрсеткіштері бойынша бәсекелестерімен саралануы

Атаулары	ROACE, %	EBITDA margin, %	Еңбек өнімділігі, млн тг/адам	Мұнай өндіру бойынша еңбек өнімділігі, тн/адам
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	12,67	16,2	31,53	558
CNPC	7,48	9,79	35,36	н/д
Sinorec	13,72	6,9	156,6	н/д
Repsol	6,86	14,18	248,25	н/д
OMV	9,02	12,36	169,58	н/д
TNK-BP	35,45	24,47	194,38	4 549
Газпромнефть	19,93	20,65	101,01	8 010

*Ескертпе.* «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мәліметтері бойынша [5].

3-кесте – Компанияның қызметіне SWOT-сараптама

МЫҚТЫ ЖАҚТАРЫ	ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қолма-қол қаражаттары бойынша мықты позициялар (4,3 млрд АҚШ долл.)</li> <li>• ҚМГ ҰК еншілес компаниясы статусындағы ерекше жағдай (мұнай-газ активтерін иеленудегі айрықша құқықты пайдалану мүмкіндігі және мемлекет тарапынан қолдау)</li> <li>• Құрлықта мұнай өндірудегі бай тәжірибе</li> <li>• Көмірсутегі шикізатының елеулі қорлары</li> <li>• Ары қарай инвестициялауға мүмкіндік беретін қаражат акынын қамтамасыз етуші әрекеттегі бизнес</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Кен орындары жүдеуінің жоғары деңгейі</li> <li>• Мұнай өндірісіндегі өзіндік бағамының жоғарылығы</li> <li>• Материалдық-техникалық базаның ескіруі</li> <li>• Теңіздегі және шетелдік жобаларды басқарудағы тәжірибенің жоқтығы</li> <li>• Газ бизнесін жүргізудегі тәжірибенің жоқтығы</li> <li>• Бизнесінің қазіргі және келешек қажеттілігіне жауап бермейтін ұйымдастырушылық құрылым</li> <li>• Жылсайынғы АМӨЗ-ге міндетті мұнай жеткізу</li> <li>• Кадрлік саясаттың бизнес қажеттіліктеріне сәйкес болмауы</li> <li>• R&amp;D саласындағы өз сараптамасының жоқтығы</li> <li>• Профильдік емес активтерді иеленуі</li> <li>• Жетілмеген корпоративтік мәдениет</li> </ul>
МҮМКІНДІКТЕРІ	ҚАУІПТЕР
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қызметінің тиімділігін арттыру</li> <li>• Геологиялық барлау арқылы өсу</li> <li>• КСКМ-дегі теңіз жобаларына қатысу мүмкіндігі</li> <li>• ҚР-дағы активтердің ары қарай шоғырлануы</li> <li>• Жаңа технологияларды ендіру</li> <li>• Халықаралық нарықтарға шығу мақсатындағы стратегиялық серіктестік және шетелдік жобаларды басқарудағы тәжірибе жинау мен технологияларғы қолжетімділік</li> <li>• Инвестициялық жобаларды, оның ішінде M&amp;A жобаларын іске асыруға қаржы тартуға мүмкіндік беретін жоғары несиелік рейтинг</li> <li>• Газ бизнесін дамытуға қатысты портфельді диверсификациялау</li> <li>• Мұнай мен газ өндірісіндегі дәстүрлі емес көздерді жасау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қолайсыз бағамдық конъюнктура (Брент сортындағы мұнайға 65 долл./барр. деңгейінен төмен бағанын ұзақ уақыт бойы орнауы)</li> <li>• Компанияның өндіріс өсімінен шығындар өсімінің артуы</li> <li>• ҚР құрлығындағы мұнай-газ активтерін иелену арқылы өсу мүмкіндіктерінің шектелуі</li> <li>• Заңнамалық өзгерістерге сәйкес бизнес жүргізу жағдайларының нашарлауы</li> <li>• Өндірістің тоқтауы мен ірі қаржы және абырой шығындарына әкелуі ықтимал экологиялық және табиғи апаттар</li> <li>• Тауарлар мен қызметтерді сатып алу саласындағы қолданыстағы қазақстандық заңнамалардың компанияның операциялық тиімділігін арттыруға мүмкіндік бермейтіндігі</li> <li>• ҚР ішіндегі шетелдік компаниялармен активтер мен сапалы ресурстарға қол жеткізудегі бәсекелестіктің өсуі</li> <li>• Баламалы қуат көздерін іздеудегі әлемдік үрдістің күшеюі</li> </ul>

*Ескертпе.* Авторлармен құрастырылған.


Ғаламдық экономикалық дағдарысқа қарамастан, компания бұрынғысынша оның мұнай бағасының төмендеуіне байланысты қиындықтарды, басқа да сыртқы және ішкі факторларды игеруге қажетті ресурстарға ие. Берілген SWOT-сараптама компанияның сыртқы ортасы қамтамасыз ететін ҚМГ БӨ ішкі мықты мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы қол жеткізетін нақты стратегиялық мақсаттарын анықтау үшін жасалған. ҚМГ БӨ негізгі мақсаты компанияның акционерлік құнын арттыру болып табылады. ҚМГ БӨ мұнай қорын және көмірсутегі шикізатын өндіруді арттыру, қолданыстағы активтердің табыстылығын арттыру және бизнестің жаңа бағыттарын дамыту арқылы компания құнының өсуіне қол жеткізуге талпынады [5, 8].

1) Компания көмірсутегі қорлары мен мұнай өндіруді арттыру үшін келесідей жұмыстарды атқарылуы қажет: компанияның қолданыстағы кенорындарындағы ағымдағы мұнай өндіру деңгейін ұстап тұру; компанияның қолданыстағы кенорындарында мұнайбергiштігі коэффициентін арттыру; Қазақстанда және одан тысқары геологиялық барлау алаңдарында барлау жүргізу және қолданыстағы кенорындарында жете барлау жұмыстарын жүргізу; Қазақстандағы және шетелдердегі жаңа активтерді сатып алу; компанияның активтер қоржынын теңіз жобаларымен және газ активтерімен толықтыру;

2) Қолданыстағы активтердің табыстылығын мынадай жолдармен қамтамасыз етіледі: шығындарды тиімді басқару; бизнес-процестердің, технологиялық процестердің тиімділігін автоматтандыру арқылы арттыру; жаңа технологияларды енгізу; активтер құрылымын оңтайландыру және бизнесті басқару моделін жетілдіру;

3) Бизнесінің жаңа бағыттарын дамыту келесі жолдармен қамтамасыз етуі қажет: барлау және өндіру, сервистік қызмет көрсету саласының жетекші мұнайгаз компанияларымен ұзақмерзімді серіктестік қарым-қатынас орнату; кәсіби біліктілігі жоғары мамандар әзірлеу және оларды дамыту; өзіндік техникалық және технологиялық сараптауды дамыту; Теңіз жобаларын, газ бизнесін және халықаралық активтерді басқару тәжірибесін дамыту, оның ішінде ірі халықаралық мұнайгаз компанияларымен серіктес болу Сапалық өзгерістердің көрінісі мынадай: аралық өніммен салыстырғанда түпкілікті өнімнің әлдеқайда алда болуы; өндірілетін өнім сапасының тез өзгеруі мен түрлерінің жаңаруы; ғылыми-техникалық прогресс жылдамдығын анықтайтын өндіріс салаларының өсуі [5].

Келесі кезекте «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру үлгісі төмендегі суретте көрсетілген (2-сурет).



Ескертпе. Авторлармен құрастырылған.

2-сурет – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру үлгісі

Модельден экономикалық өсімді ынталандыру механизмінің экономикалық тиімділіктің өсуіне бағыттталып тұрғанын аңғаруға болады. Механизм тиімділігінің критерилері экономикалық өсімнің сапалық анықтамасын көрсетеді, яғни экономикалық өсім үнемі экономикалық дамуды қамтамасыз ету қабілетіне байланысты. Экономикалық өсімді ынталандыру механизмі қызметінің нәтижелері тек сандық емес, әсіресе сапалық өсімде де көрінеді, бұл өз кезегінде, адамдардың өмір сүру деңгейінің көтерілуіне, өмір сапасының жақсаруына, халықтың тұрмыс деңгейі бойынша жіктелуінің анағұрлым азаюына серпінді ықпалын тигізеді.

Экономикалық өсімді ынталандыру механизмін қалыптастыруда бірінші кезекте ғылымды мемлекеттің есебінен қаржыландыру мәселесі тұр. Мұнымен қатар, ғылыми-техникалық прогрестің дамуында шаруашылық субъектілерінің шығындарын арттыру қажет. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына бюджеттен қаржыландыру 2007–2011 жж. 40% деңгейінде болса, 2013 ж. ол 50,3%-ға көтерілді. Қаржыландыру көздеріндегі өзіндік қаражаттың үлесі 18,3% шамасында [9, 10].

Пайда болған қиындықтарға қарамастан, тұтастай алғанда, отандық ғылым жоғары әлеуетке ие, бұл орта мерзімді міндеттерді басым бағыттарда шешудің, өндіруші сектормен қатар, экономиканың шикізаттық емес салаларын іс жүзінде үдіретудің кепілі.

Ғылымның жоғары технологиялық өрістеріне негізделген өндіріс, өнім нарығының дамуына, зияткерлік меншіктің қорғалуына тікелей әсер етеді, инвестицияның ғылыми зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жобалармен байланыстылығын күшейте түседі.

Жалпы стратегиялық жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда мұнай тасымалы көлемі 2013 жылы 0,5%, газ тасымалдау көлемі 2,5% артқан. Өз кезегінде еңбек өнімділігі де 11,4% ұлғайды.

Қазіргі таңда құрлық пен теңізде геологиялық барлау жүргізу жұмыстарын күшейту, сол арқылы көмірсутегі шикізаты қорын көбейту – «ҚазМұнайГаз»-дың стратегиялық дамуындағы ерекше бағыттардың бірі саналады. Ұлттық компания мен және оның стратегиялық әріптестері соңғы жылдары Каспийдің қазақстандық секторынан екі бірдей кеніште мұнай қоры табылғанын жариялаған болатын. Аталмыш кен орындарындағы мұнай қоры 98,6 миллион тоннаны құрайды.

«Gaffney», «Cline Associates» сынды тәуелсіз компаниялардың есебіне жүгінсек, Каспийдің қазақстандық секторының Солтүстік Каспий жобасы қорын қоспағанда 2,37 миллиард тонна мұнай шикізатын құрауға тиіс. Ең бір қарапайым есеп пен болжам бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022 жылға қарай өндірілетін өнім көлемін 1,4 млрд. тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндігі бар.

Ұлттық компанияның биылғы көрсеткіштері де көңіл қуантарлықтай. Мәселен, алғашқы тоқсан қорытындысы бойынша жинақталған мұнай және газ конденсатының көлемі серіктес компаниялар мен біріккен бақылаушы ұйымдардың үлесін қоса есептегенде 5,6 миллион тоннаға жеткен, яғни, тоқсандық жоспар 101% орындалды. Мұнай өңдеу көлемі – 3 миллион 571 мың тоннаны, магистралды құбыр арқылы мұнай тасымалдау көлемі – 16 миллион 947 мың тоннаны (жоспардағыдан 3% артық), теңіз арқылы мұнай тасымалдау – 2 миллион 204 мың тоннаны құраған. Табиғи газ тасымалдау көлемі – 27 миллиард 576 миллион текше метрге жетіп отыр.

Бүкіләлемдік экономикалық форумның әдістемесі бойынша тұрақты экономикалық өсімнің, соның ішінде кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын негізгі факторлар: ішкі экономикалық потенциал; инфрақұрылым; басқару жүйесі; ғылыми–техникалық потенциалы; еңбек ресурстары; қосылған құн; өнімділік; корпоративтік мәдениет; ФТЖК–ға кеткен шығындары, технологиялық менеджмент, ағымдағы төлем балансы және т.б. [5, 11].

Қазіргі таңда «ҚазМұнайГаз» бақылайтын Қазақстанның ірі мұнай өңдеу зауыттарында оларды қайта құру және жаңғырту шеңберінде инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Аталған жобалардың арқасында, 2016 жылдан бастап мұнай өңдеу көлемін 19 миллион тоннаға дейін ұлғайту көзделіп отыр.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы мемлекеттік және аймақтық деңгейдегі көлемді әлеуметтік жобаларды жүзеге асырумен тұрақты түрде айналысып келе жатқанын айрықша атап өткен жөн. Аймақтардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытумен қатар, өз жұмыскерлерінің әлеуметтік ахуалын жақсартуға да компания тарапынан үнемі көңіл бөлінеді. 2012 жылы демеушілік және қайырымдылық шараларына 5 миллиард теңге, ал оған қарасты компаниялар тобы 15 миллиард 108 миллион теңге жұмсағаны осының айқын дәлелі.

Экономикалық өсімді ынталандырудың тиімді тетігін қалыптастырудың маңызды бағыттары – жоғары деңгейдегі инвестициялық белсенділікті қамтамасыз ету, қаржылық қызметті реттеу, бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру, қысқа және орта мерзімді болжамдар жасауды талап етеді.

Мұндай бағыттардың іске асырылуы төмендегі шаралардың нақты орындалуын қажет етеді:

- экономиканың, жоғары технологиялық үрдістері басым құрылымына көшу;
- іргелі және қолданбалы зерттеулері мемлекет және жеке меншік тарапынан қолдау;
- ғылыми зерттеулерді бюджеттік қаржыландырудың тұрақты, заңдық нормативтермен қамтамасыз ету;
- қаржы ресурстарын тиімді пайдалана отырып, адам әлеуетін инвестициялауды жетілдіру [5, 12].


Қазіргі күні химия өнеркәсібінің қалпына келуі мен даму үрдісі есебінде елдің мұнай газ секторына міндет жүктеліп отыр. Осы бағытта күттірмес шаралар көп. Заманға сай компания еліміздің негізгі мұнай өңдеу қуаттарына иелік етеді. Атырау мұнай өңдеу зауытын 99,49%, Шымкент мұнай өңдеу зауытын 49,7%, Павлодар мұнай-химия зауытын 100% қадағалап, оң ыңғайға бұрып отырады. Бұл – компанияға берілген үлкен мәртебе. Аталмыш зауыттарды қайта құру мен модернизациялау Қазақстан Үкіметі анықтаған стратегиялық инвестициялық жобалар тізіміне енген. Сондықтан да мұнай және газ химиясын жеделдете дамыту, қолданыстағы мұнай өңдеу зауыттарын қайта жөндеу, жаңа зауыттар салу, заманауи технологияларын енгізу бірінші кезектегі міндеті болып табылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның инновациялық қызметін талдау барысында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструктивті жұмыстарды әрқашан жүзеге асырып отырғандығы байқалуда. Мысалы, «Алатау» инновациялық-технологиялық парк арнайы экономикалық аумағында 2 ғылыми-зерттеу орталығы («КИНГ» АҚ, «КБТУ»АҚ-ның) құрылысы іске асырылуда. Бұл ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметі мұнай-газ саласында инженерлік-техникалық мамандарды даярлауға және қайта даярлауға, IT-технологиясын дамытуға бағытталады.

2014–2018 жж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Инновациялық-технологиялық дамытудың стратегиясы төмендегі кестеде қарастырылып отыр (4-кесте).

4-кесте – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Инновациялық-технологиялық дамытудың стратегиясы»

Стратегияның міндеттері	Максаттық көрсеткіштері
<ul style="list-style-type: none"> <li>- ҒЗТКЖ (R&amp;D) бағытын тұрақтандыру және дамыту;</li> <li>- Жаңа технологияларды трансфертеу;</li> <li>- Өзіндік технологиялық шешімдерді тәжірибеге енгізу үшін кадр саясатын бекіту және дамыту;</li> <li>- Әлемдік тәжірибені ескере отырып, «ҚазМұнайГаз» ҰК-ның топтарын инновациялық – технологиялық тұрғыдан дамыту үшін басқару жүйесін құру.</li> <li>- Энергия үнемділік, экологиялық қауіпсіз технологияларды қолдау үшін қажетті жағдай қалыптастыру қажет.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Компанияның табысындағы ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығынның үлесі – 2016 жылы 0,12%&amp;</li> <li>- Инновациялық жобалардағы инвестициялардың үлесі 2016 жылы 2,29%;</li> <li>- Еңбек өнімділігі (негізгі қызметтен түскен кіріс/жұмыскерлер саны) – 34,6 млн теңге / 2016 ж.</li> </ul>
<p><i>Ескертпе.</i> «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Инновациялық-технологиялық дамытудың стратегиясы» негізінде құрастырылды.</p>	



*Ескертпе.* «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компания Акционерлік Қоғамының мәліметтері бойынша құрылды [5].

3-сурет – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның инновациялық қызметтерінің бағыттары

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның жаңа мүмкіндіктері бассейндік және сандық модельге негіздеген зерттеулерді мониторингiне, сондай-ақ, сейсмикалық әдіске негізделген. Бұл зерттеулер ірі бассейндердің бірі Қашаған, Қарашығанақ, Теңіз және Каспий маңы объектілерін игеру барысында қолданылуда. Компанияның басты стратегиялық мақсаты активтердің ұзақ мерзімді құнын арттыру жолымен акционерлік құнды көтеру және Қазақстан экономикасын жаңғыртуды қолдау мен әртарапандыруға қатысуды көздеп отыр. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның инновациялық қызметтерінің бағыттары төмендегі суреттен сипатталады (3-сурет).

*Қорытындылар.* «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның мамандары жоғары деңгейдегі біліктілікке ие және олар саланы кешенді барлауда және зерттеулерде атсалысуда. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның геологиялық қызметінің мамандары барлау жұмыстары кезінде қазіргі заманға сай ақпараттық-физикалық жағдайды зерттеулерді Монте-Карло әдісімен және халықаралық стандарттардың есебінен техникo-экономикалық бағалауларды жүзеге асыруда.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның инновациялық қызметі базалық индикатор ретіндегі бассейндердің зерттеулерін ғана емес, барлық сектордың толық жағдайын сипаттауға септігін тигізуде. Сонымен қатар сарапшылардың пайымдауы бойынша жақын болашақта Қазақстан жетекші мұнай өндіретін 10 мемлекеттің құрамына Кувейтпен теңестіндігін атап отыр.

Инновациялық және инвестициялық қызметтің жандануы «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның дамуын шектеп отырған факторлардың зиянды әсерін әлсіретіп, өндірістік әлеуеттің түбегейлі жаңаруын қамтамасыз етеді, барлық ресурстар шығынын азайтып, қоршаған ортаны қорғау шарттарын мүлтіксіз орындауға өнімнің дәстүрлі және жаңа түрлерін шығаруға ықпалын тигізеді. Инновациялық үрдістің бұлайша қалыптасуы үшін дайындығы жетік, жоғары білікті мамандар қажет. Өйткені жаңа технологиялық жетістіктер, ресурс үнемдейтін технологиялар, еңбек өнімінің жоғары сапасы, барған сайын, адамның шығармашылық қабілетіне тәуелді болып барады. Олардың деңгейі қаншалық жоғары болса, өндіріс нәтижелері соншалық маңызды. Әлемнің жетекші мемлекеттерінде зияткерлік әлеует экономикалық өсімнің іргелі көзіне айналған. Демек, экономиканың тиімді дамуын ынталандырудың экономикалық механизмі ғылымға, жаңа технологияға, жаңа білімге, адам капиталын нәтижелі қолдануға негізделуі қажет.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Пипия Л.К.Современные тенденции в формировании научной и инновационной политики // Инновации. – 2009. – № 12(222).
- [2] Портер М. Конкуренция / Пер. с англ. – Издательский дом «Вильямс», 2000.
- [3] Друкер П. Рынок: как выйти в лидеры. Практика и принципы. – М.; СПб.: ГМП «Форматика», 2002. – 164 с.
- [4] Хей Д., Моррис Д. Теория организации промышленности / Пер. с англ.; под ред. А. Г. Слуцкого. – СПб.: Экономическая школа, 1999. – 384 с.
- [5] «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» Акционерлік Қоғамының 2011–2014 жж. жылдық есебі // SPG/www.thkmg.kz
- [6] Есентугелов А. Долгосрочная стратегия развития экономики и производительных сил в Казахстане // Аль-Пари. – 2000. – № 1-2. – С. 6.
- [7] «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 627 қаулысы. [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz).
- [8] Қазақстан Республикасы мұнай және газ министрлігі мәлеметтері // [www.mgm.gov.kz](http://www.mgm.gov.kz)
- [9] Ильин А.И. Планирование на предприятии. – Минск, 2000. – С. 119-123.
- [10] «Справочник нефтегазовых месторождений Казахстана» Комитет геологии и недропользования.
- [11] Баймұратов О. Национальная экономическая система. – Алматы: Атамұра, 2001. – 192 с.
- [12] Макконелл К.Р., Брю С.Л. Экономикс: принципы, проблемы и политика / Пер с англ. – М.: ИНФРА-М, 2006.

## REFERENCES

- [1] Pipija L.K.Sovremennye tendencii v formirovanii nauchnoj i innovacionnoj politiki. Innovacii. 2009. N 12(222).
- [2] Porter M. Konkurencija / Per s angl. Izdatel'skij dom «Vil'jame», 2000.
- [3] Druker P. Rynok: kak vyjti v lidery. Praktika i principy. M.; SPb.: GMP «Formatika», 2002. 164 p.

- [4] Hej D., Morris D. Teorija organizacii promyshlennosti / Per s ang.; pod. red. A.G. Sluckogo. SPb.: Jekonomicheskaja shkola, 1999. 384 p.
- [5] «KazMunajGaz» Ulttyk Kompanijasy» Akcionerlik Kogamynyn 2011–2014 zhzh. zhyldyk esebi // SPG//www.thkmg.kz
- [6] Esentugelov A. Dolgosrochnaja strategija razvitija jekonomiki i proizvoditel'nyh sil v Kazahstane // AI'-Pari. 2000. N 1-2. P. 6.
- [7] «Kazakstan Respublikasyn industrijal'nyk-innovacijalyk damytudyn 2015–2019 zhyldarga arnalgan memlekettik bag-darlamasyn bekitu turaly» Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti Zharlygynyn zhobasy turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetin 2014 zhylygy 9 mausymdagy N 627 kaulysy. www.zakon.kz.
- [8] Kazakstan Respublikasy munaj zhane gaz ministrlygi maletteri //www.mgm.gov.kz
- [9] Il'in A.I. Planirovanie na predpriyatija. Minsk, 2000. P. 119-123.
- [10] «Spravochnik neftegazovyh mestorozhdenij Kazahstana» Komitet geologii i nedropol'zovaniya.
- [11] Bajmuratov O. Nacional'naja jekonomicheskaja sistema. Almaty: Atamura, 2001. 192 p.
- [12] Makkonell K.R., Brju S.L. Jekonomiks: principy, problemy i politika. Per s ang. M.: INFRA-M, 2006.

## ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМ ЭФФЕКТИВНОГО ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ПРЕДПРИЯТИЙ В НЕФТЕГАЗОВОМ СЕКТОРЕ

С. М. Егембердиева, Н. Д. Есмагулова, А. К. Кадырбергенова

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

**Ключевые слова:** нефтегазовый сектор, показатели эффективности деятельности, экономическая эффективность.

**Аннотация.** *Цель работы* – На основе проведенного анализа в национальном нефтегазовом секторе изучение проблем эффективного функционирования предприятий.

*Методология* – обзор литературы нефтегазовой отрасли, проанализированы статистические данные Казахстана, данные нефтегазовых предприятий.

*Выводы* – рассмотрены направления повышения экономической эффективности деятельности нефтегазовых предприятий и инновационной деятельности. Важнейшие направления формирования эффективного механизма стимулирования экономического роста – обеспечение высокого уровня инвестиционной активности, регулирования финансовой деятельности, формирования рынка ценных бумаг, составление кратко- и среднесрочных прогнозов.

Поступила 21.06.2016 г.

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов*  
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 07.07.2016.  
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
17,4 п.л. Тираж 2000. Заказ 4.